Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Көгершін ауылы 30.09.2020 жыл

Қатысқандары:
С.А. Өтегенов – ҚК төрағасы
Кеңес мүшелері- 10
Мектеп әкімшілігі -8

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1.Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі №01-4091 хатына сайкес жаңа оқу жылының бірінші тоқсанында орта білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы және «Мектепке жол» акцияның өткізілуі туралы
(Баяндамашы: Мектеп директоры: О.М. Рыскулова)

**1. Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы С.А. Өтегенов қамқоршылық кеңес білім беру ұйымын дамытуға мүдделі адамдарды ерікті түрде біріктіретін ұйым екенін тілге тиек етіп, жалпы санының үштен екісінің бастамасымен жиналысты ашық деп жариялап, жиналысқа себепті жағдайда келмеген кеңес мүшелерін атап , айтып өтті.( П.Заурбекова денсаулығына байланысты, Р. Ахметова жеке жұмыстарының шығып қалуына байланысты) Сөз кезегін жиналыс барысында төраға С.А. Өтегенов Қамқоршылық кеңес алдындағы есебін беруге мектеп директоры О.М. Рыскуловаға берді.

**2. Сөйледі:** Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің директоры О.М. Рыскулова кезекті сөз алып, Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі №01-4091 хатына сайкес жаңа оқу жылының бірінші тоқсанында орта білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржының орынды жұмсалуы туралы баяндама оқыды. Бірінші кезекте қашықтықтан оқыту барысында 2020-2021 оқу жылындағы Облыс әкімінің орынбасары Е.Ж. Жылқыбаевтың төралығымен өткен 2020 жылғы 13 тамыздағы №43 хаттамасының 7 тармағын басшылыққа ала отырып, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасының балаларын компьютерлік техникамен , планшет және роутермен қамтамасыз ету үшін оқушылардың

тізімдері нақтыланып, мектеп балансында тұрған 14 дана компьютер 14 отбасына, 27 дана планшетті 27 отбасына /әр планшет құны 82000 теңге/ , 5 дана ноутбук 5 отбасына /құны 161000 теңге/ және 3 дана ноутбук /220000 теңге/мектеп әкімшілігіне, 18 дана /құны 199000 теңге/ моноблокты 18 отбасына таратылып берілгенін жеткізді. АББ әдіскері **Ж.** Қырбасов аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасының балаларын компьютерлік техникамен , планшет және роутермен қамтамасыз ету және тарату туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді . Ағымдағы жылы мектеп , мектеп жанындағы интернат күрделі жөндеуден өтіп, интернат пен мектептің ішінен жылы әжетханалар салынды.АББ тарапынан бастауыш сынып мектебіне 320 000 теңгеге бояулар /краска/, мектепті әктеуге 11250 теңгеге әк, әктеу, сырлауға арналған құрал-саймандар 19285 теңгеге, антисептиктер 32100 теңгеге,деохлор талеткалары 6480 теңгеге, жылжымалы тепловизор /2 дана/ 35716 теңгеге сатып алынып, құжаттамасымен бірге берілген. 2020-2021оқу жылындағы Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің «ҚР-ның үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы 64 қаулы 2007 жылғы 27 шілдедегі (Білім туралы Заңы 4 бабының 21)тармақшасына сәйкес әзірленген және білім алушыларды әлеуметтік санаттармен анықтай отырып, нақты тізімін бекіту үшін ата-аналар тарапынан стандарт бойынша қабылданған құжаттарды қарап, анықтап, нақты тізімін кеңес мүшелерімен бекітіліп, 63 отбасынан 135 балаға АББ тарапынан жалпы білім қорынан әр балаға бір реттік киім-кешекке 25000 теңгеден ата-аналардың есепшоттарына ақшалай аударылды. «Мектепке жол» акция барысында қыркүйек айында Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің оқушысы көпбалалы, тұрмысы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан , үйден оқитын 2-ә сынып оқушысы Бексұлтан Жаниелге ауыл тұрғыны Қалиев Жолдасбек 50 мың ,8 бала тәрбиеленіп жатқан Фахрисламовтар отбасына Көгершін ауылының имамы Ерметов Қайрат қолма- қол 25 мың теңге, көпбалалы отбасында тәрбиеленіп жатқан 4-г сынып оқушысы М. Анасбекке /анасы Гайсина Ирина / мектеп әкімшілігі тарапынан оның ішінде МДҒӘІЖО Э. Дарменова 10 мың теңге қаржылай және мектеп директоры О.М. Рыскулова 13 мың теңгеге киім-кешек , сынып жетекшісі Л.Қасымбекова 2 мың теңгеге дәптер, қаламсап әперсе, үйден оқитын 8-г сынып оқушысы Планова Меруертке қалған мектеп әкімшілігі 10 мың теңге көлемінде қаржылай ота жасатуына байланысты көмек көрсетті.

**3. Сойледі:** МДАІЖО М.Байшемиров көп балалы Қартанбаева Раушанға берілген ноутбукты үйінде интернеті жоқ болуына байланысты қайтадан алып, көпбалалы отбасы Сатыбалдиева Перизатқа, Сатыбалдиева Перизаттан планшетті алып, Қартанбаева Раушанға ауыстырылып берілгенін ескертті.

**4. Сөйледі:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Д. Бодауова: Жиналыс барысын айтылған , жүргізіліп жатқан жұмыстар барлығы орынды. Мектеп әкімші әрқашанда оқушыларға қолдау көрсетіп тұрады.

**ШЕШІМІ:**

1. Ақтоған шағын орталықты орта мектебі бойынша атқарылып жат жаңа оқу жылының бірінші тоқсанында орта білім беру ұйымда қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

**Шешім бірауыздан қабылданды:**

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы: --------------- Өтегенов С.А
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Ахметов Ә.А
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Бодауова Д.К
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі: ---------------Тұңғатарова Г.Ж
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Нұрбаева Қ.Д
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Қуантаев Т.Ж
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Заурбекова П.Т
8. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Тайлықова А.Б
9. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Дүйсебаева Б.Ж
10. Қамқоршылық кеңес мүшесі: ---------------Бұйребаева Ж.
11. Қамқоршылық кеңес мүшесі: --------------- Исатаева Э.И
12. Қамқоршылық кеңес мүшесі: ---------------Ахметова Р.Ж
13. Қамқоршылық кеңес мүшесі: ---------------Бащкеева Э. Қ

Хатшы: ------------ Г.А. Қуантаева